

Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 15 "Бұқар жырау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № 6 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 қыркүйекте № 6039 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі №15 "Бұқар жырау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4017 болып тіркелген, 2016 жылғы 08 қарашада "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 12 қарашада № 45 аудандық "Бұқар жырау жаршысы" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

С. Артыкбаева

А. Әли